


2018 жылдың I тоқсанының қорытындысы бойынша ББЖҚБАРИ біліктілік арттыру курсының тиімділігі

Есеп беру кезеңінде мемлекеттік тапсырыс жоспарының орындалуы 100% - ды құрады, оның ішінде оқыту тілі бойынша: қазақ тілінде – 77,6%, орыс тілінде – 22,4%; қамту бойынша: ауылдық жерлерден - 133 тыңдаушы, қалалық жерден - 139 тыңдаушы біліктілігін арттырды.

Мемлекеттік тапсырыс жоспарының кафедралар бойынша орындалуы:



Оның ішінде:

- мектеп директорлары – 86 (31,6%);
- мектепке дейінгі ББҰ басшылары – 60 (22,1%);
- оқу жұмысы жөніндегі директордың орынбасарлары – 25 (9,2%);
- бейіндік оқыту жөніндегі директордың орынбасарлары – 25 (9,2%);
- тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасарлары – 51 (18,7%);
- жаратылыстану-математикалық пән мұғалімдері – 25 (9,2%).


Менеджментті жақсарту бойынша біліктілік арттыру курстары

Есеп беру кезінде осы бағыт бойынша 151 адам қамтылған

Педагогтар оқытудың нысандары мен әдістері арасында неғұрлым өнімді деп топтық жұмысты (53%), тренингтер мен семинарларды (44%) санайды.

Педагогтардың көбісі оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау және әдістемелік сүйемелдеуді ұйымдастыруда қиыналады.

Педагогтардың қиындық деңгейі:




Респонденттердің 100% курстан кейінгі кезеңде Институтпен байланыста болу қажеттілігін көрсеткен, мұнда қашықтықтан немесе ұтқыр нысандар арқылы байланысқа (62,9%), желілік қоғамдастық жұмысына қатысуға (38,4%), кеңестерге (29,8%), БАИ мамандарының аймақтарға шығып әдістемелік көмек көрсетуіне (28,5%), курсаралық іс-шараларға қатысуға (21,2%), баспа қызметіне (19%) артықшылық беріледі.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымы басшыларының біліктілікті арттыру курстары


Есеп беру кезеңінде мектепке дейінгі білім беру бойынша қазақ тілінде «М. Монтессори жүйесінің тұжырымдамалық идеяларын енгізу жағдайында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының педагогикалық процесін басқару» (25 тыңдаушы) тақырыбында курс өткізілді.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары курс тыңдаушыларының электрондық тестілеудегі орташа нәтижесі – **9,78** баллды құраса, ал тыңдаушылардың білімін бақылауда орташа бағасы - **9,80** баллға тең болды.

Шығыс сауалнамасы көрсеткендей, тыңдаушылар профессорлық-оқытушылық құрамының жұмысын жоғары бағалады (орташа балл – 9,96) және жоғары сапалы курсты келесі деректер растайды:



Мектепке дейінгі ББҰ мамандары өз қызметтерінде келесі көздерден пайдаланған материалдарды басшылыққа алады:




Респонденттердің 100% курстан кейінгі кезеңде институтпен тығыз байланыста болуға тілек білдірді, 76% - желілік қоғамдастық және БАИ қызметкерлерінің басшылығымен шығармашылық шеберханалар жұмысына қатысуды, сондай-ақ қашықтықтан және мобильді өзара іс-қимыл арқылы байланысты неғұрлым қолайлы деп белгіледі.

Орта білім беру ұйымдарының информатика, математика және физика пәндерінің мұғалімдеріне арналған «Робототехника негіздері» білім беру бағдарламасы бойынша біліктілігін арттыру курстарының сапасын мониторингтік зерттеу қорытындылары


Информатика, математика және физика мұғалімдерінің (100%) пікірінше, «Робототехника негіздері» курсының жаңашылдығы оқу сабақтарын жаңа форматта өткізу, білім беру ұйымдарының цифрландыруы өзекті мәселелері бойынша материалдың қолжетімді баяндалуында.

Тыңдаушылар тренердің курстық қызметін 9,84 баллға бағалады, ресурстық қамтамасыз ету – 9,78 балл және тыңдаушыларда жалпы білім беретін мектепте робототехника негіздері, инженерлік дизайн және технологиядан оқу үдерісін ұйымдастыруға тәжірибелік көзқарас (100%) қалыптасты.

Компьютерде жұмыс істеу дағдыларын меңгеру деңгейі:



■ жоғары ■ орташа



Курстар сапасы:



Респонденттердің 100% курстан кейінгі кезеңде Институтпен байланыста болуға тілек білдірді, негізінен қашықтықтан немесе мобильді өзара іс-қимыл нысандары арқылы (65,5%), мысалы:



Аралас оқу режиміндегі («Blended learning») біліктілік арттыру курстарының сапасына мониторингтік зерттеу қорытындылары

Институт базасында өткізілген «Blended learning» режимінде курстарда **36** мектеп директорлары және **35** – мектепке дейінгі ұйымдары басшылары біліктіліктерін арттырды, олардың аралас оқыту шеңберінде кәсіби құзыреттілік деңгейін арттырудағы ұсынылған нысандар жұмыстарының тиімділігі төмендегідей орналасты:



Бұл диаграммаларда «Blended learning» аралас оқу режиміндегі курс бағыттары бойынша ОПК ұйымдастырушылық қызметі мен мазмұндық-процессуалдық рейтингісі және тыңдаушылардың шығыс сауалнамасы бойынша қорытынды білімді орташа бағалауы белгіленді:

